

Қостанай облысы әкімиятының қаулысы 2002 жылғы 20 ақпандағы N 47 " Мүгедектердің жекелеген санаттарын санаторлық-курорттық емдеу үшін облыстық бюджеттің қаражаты есебінен жеңілдіктер беру ережесін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы, мемлекеттік тіркеу нөмірі 1339

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімиятының 2004 жылғы 11 ақпандағы N 30 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2004 жылғы 23 ақпанда N 2756 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2009 жылғы 3 тамыздағы № 297 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2009.08.03 № 297 қаулысымен .

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 21 маусымдағы N 1900 "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 44-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 желтоқсандағы N 1758 "2002-2005 жылдарға арналған мүгедектерді сауықтыру бағдарламасы туралы" қаулысына сәйкес облыс бюджетінің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында Қостанай облысының әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай облысы әкімиятының қаулысы 2002 жылғы 20 ақпандағы N 47 " Мүгедектердің жекелеген санаттарын санаторлық-курорттық емдеу үшін облыстық бюджеттің қаражаты есебінен жеңілдіктер беру ережесін бекіту туралы" қаулысына (мемлекеттік тіркеу нөмірі 1339, "Қостанай таңы" 2002 жылдың 23 сәуірі N 32, "Қостанайские новости" 2002 жылдың 24 сәуірі N 61) төмендегі өзгерістер енгізілсін:

2 тармақтың 2)-тармақшасы төмендегідей редакцияда берілсін:

"зейнетақы алатын жасқа жетпеген 2, 3 топтағы мүгедектер";

5 тармақтың 1)-тармақшасында "зейнетақы мөлшері туралы анықтама" деген сөздер "зейнетақы куәлігінің көшірмесі" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулының орындауына бақылау жасау облыс әкімінің орынбасары Б.Б. Баймағамбетоваға жүктелсін.

Облыс әкімі

С. Кулагин

